**Кіріспе.** Химиялық есептерді шығару арқылы студенттер оқу материалын неғұрлым толық және терең меңгереді. Есептер студенттердің химиялық ұғымдарды, заңдарды, теорияларды және фактілерді тереңірек түсінуіне ықпал етеді. Дегенмен, есептердің ерекше рөлі олардың нақты ғылым ретінде химияны сандық жағын көрсетуінде болып табылады [1]. Химияны физика-математикамен тығыз байланыстыра оқыту оқытушыға химияны оқыту процесінде студенттерге белсенді сабаққа қатысуға мүмкіндік береді. Физика мен математикадан алған білімдерін химия есептерін шығару кезінде пайдалану маңызды әдістемелік мәселелердің бірі болып табылады [2].

Студенттерді химиялық есептерді шығаруға үйрету үшін болашақ педагог стандартты, құрама және күрделі есептерді шығара білумен қатар, олардың шешімін білім алушыларға түсіндіру әдістемесі болуы керек. Есепті шығару кезінде студент есептің химиялық мәнін және оны шағару процесін әдістемелік тұрғыдан дұрыс түсіндіріп, есептің мазмұнын талдап, негіздеуді жүзеге асыруы керек. Болашақ педагог есептің жауабының дұрыстығын кері есеп шығару арқылы немесе басқа тәсілмен тексере алуы керек.

*Химиялық есептерді шығарудың алгоритмі.*

Есептерді шығарудың *бірінші, маңызды кезеңі* оны анализдеу болып табылады, яғни, есептің жағдайын анализдеу [3]. Оны шамамен екі құрамдас бөлікке бөлуге болады: есептің химиялық жағын анализдеу және оның сандық сипаттамаларын анализдеу. Есептің химиялық жағын анализдеу кезінде студент есеп шартында қандай заттар мен процестер сипатталғанын түсінуі, оларды формулалармен және реакция теңдеулерімен көрсетуі керек. Көбінесе бұл кезеңдегі қателер химиялық қосылыстардың номенклатурасын нашар білуден, сондай-ақ заттардың химиялық қасиеттерін, оларды алу әдістерін білмеуден және т.б. туындайды. Есептің сандық сипаттамаларында студент есептің жағдайындағы сандармен нақты қандай шамалар сипатталатынын түсініп, қажетті белгілерді енгізіп, шаманың сәйкестігін дұрыс көрсетуі керек.

Есептерді шығарудың *екінші, негізгі кезеңі* – есепті шығару жоспарын құру [4]. Бұл кезеңде студент есептерді өзіне белгілі бір типке жатқызып, оны шығару алгоритмін жадында еске түсіруі керек, не бейтаныс есепті шығару алгоритмін өз бетінше құрастыруы керек. Бұл есептерді шығарудың негізгі кезеңі оқыту әдістемесінде ең аз көрініс табады. Әдетте, есептерді шығаруды үйрету дайын алгоритмдермен танысуға және есептерді «үлгі бойынша» шығаруға негізделген.

*Үшінші кезең* – есептерді шығару. Бұл кезеңде студенттен белгілі бір деңгейдегі математикалық дағдылар, формулаларды түрлендіру, есептеулерді жүргізу, дөңгелектеу, ал кейбір жағдайларда алгебралық теңдеулерді құрастыру және шығару дағдылары талап етіледі [5]. Мұндай дайындықтың төмендігі осы кезеңде қателіктерге әкеледі немесе тіпті есепті шығаруды мүмкін емес етеді.

*Нәтижені түсіну.* Оқыту әдістемесінде аз көрініс тапқан шешімнің тағы бір кезеңі [6]. Оқу жылдарында студент оқулықтың соңғы беттеріндегі дайын жауаптар немесе педагогтің сөздері бойынша өз іс-әрекетінің дұрыстығын тексеруге дағдыланады.

*Есептеуді аяқтау* әдетте жауапты тұжырымдайды және көп қиындық тудырмайды [7]. Жеке, күрделірек есептерде алынған нәтиже сұрақтарға жауап беру үшін (мүмкін изомерлердің формулаларын құру және т.б.) немесе есепті шығарудың келесі кезеңі үшін бастапқы деректер ретінде пайдаланылады.

### Эксперименттік бөлім.

Төменде «Титриметриялық анализ» бөлімі бойынша есептер шығарудың бірнеше әдістері келтірілген.

**1-есеп.** Көлемі 2,0 л 0,1000 н. HCl ерітіндісін дайындау үшін массалық үлесі 36% HCl ( $\rho = 1,175 \text{ г/см}^3$ ) ерітіндісінің қандай көлемі қажет?

*Шешуі.*

#### 1-әдіс

Нормальды концентрация бойынша HCl еріген зат массасы анықталады:

$$m(\text{HCl}) = C_{\text{H}}(\text{HCl}) \cdot M_{\text{экв}}(\text{HCl}) \cdot V = 0,1000 \cdot 36,5 \cdot 2,0 = 7,3 \text{ г}$$

HCl еріген зат массасы бойынша ерітінді массасы табылады:

$$m_{\text{еріт.}} = \frac{m(\text{HCl})}{\omega(\text{HCl})} \cdot 100\% = \frac{7,3}{36\%} \cdot 100\% = 20,3 \text{ г}$$

Табылған ерітінді массасы бойынша көлемі есептеледі:

$$V = \frac{m_{\text{еріт.}}}{\rho} = \frac{20,3}{1,175} = 17,3 \text{ мл}$$

#### 2-әдіс

Нормальды концентрация есептеледі:

$$C_{\text{H}}(\text{HCl}) = \frac{\omega(\%) \cdot \rho \cdot 10}{M_{\text{экв}}(\text{HCl})} = \frac{36 \cdot 1,175 \cdot 10}{36,5} = 11,59 \text{ н.}$$

Концентрациялардың өлшем бірліктері бірдей болған кезде, көлемді анықтау үшін келесідей теңдік қолданылады:

$$C_1 V_1 = C_2 V_2; \quad V_2 = \frac{C_1 V_1}{C_2} = \frac{0,1000 \cdot 2,0}{11,59} = 0,0173 \text{ л} = 17,3 \text{ мл}$$

#### 3-әдіс

Нормальды концентрация арқылы молярлы концентрация есептеледі:

$$C_{\text{M}}(\text{HCl}) = C_{\text{H}}(\text{HCl}) \cdot f_{\text{экв}}(\text{HCl}) = 0,1000 \cdot 1 = 0,1000 \text{ моль/л}$$

Молярлы концентрация бойынша HCl еріген зат массасы анықталады:

$$m(\text{HCl}) = C_{\text{M}}(\text{HCl}) \cdot M(\text{HCl}) \cdot V = 0,1000 \cdot 36,5 \cdot 2,0 = 7,3 \text{ г}$$

HCl еріген зат массасы бойынша ерітінді массасы табылады:

$$m_{\text{еріт.}} = \frac{m(\text{HCl})}{\omega(\text{HCl})} \cdot 100\% = \frac{7,3}{36\%} \cdot 100\% = 20,3 \text{ г}$$

Табылған ерітінді массасы бойынша көлемі есептеледі:

$$V = \frac{m_{\text{еріт.}}}{\rho} = \frac{20,3}{1,175} = 17,3 \text{ мл}$$

**2-есеп.**  $T(\text{HCl}/\text{CaO}) = 0,005114 \text{ г/мл}$  тұз қышқылы ерітіндісін дайындау үшін 1,0 л 0.2567 н. тұз қышқылы ерітіндісін қандай көлемге дейін сұйылту керек?

*Шешуі.*

#### 1-әдіс

Ерітіндінің титрі арқылы нормальды концентрация табылады:

$$C_{\text{H}}(\text{HCl}) = \frac{1000 \cdot T(\text{HCl}/\text{CaO})}{M_{\text{экв}}(\text{CaO})} = \frac{1000 \cdot 0,005114}{28} = 0,1826 \text{ н.}$$

Концентрациялардың өлшем бірліктері бірдей болған кезде, көлемді анықтау үшін эквиваленттер заңы қолданылады:

$$C_1V_1 = C_2V_2; \quad V_2 = \frac{C_1V_1}{C_2} = \frac{0,2567 \cdot 1,0}{0,1826} = 1,4058 \text{ л} = 1405,8 \text{ мл}$$

2-әдіс

Тұз қышқылы ерітіндісінің титрі есептеледі:

$$T(\text{HCl}) = T(\text{HCl}/\text{CaO}) \cdot \frac{M_{\text{экв}}(\text{HCl})}{M_{\text{экв}}(\text{CaO})} = 0,005114 \cdot \frac{36,5}{28} = 0,006666 \text{ г/мл}$$

Ерітіндінің титрі арқылы нормальды концентрация табылады:

$$C_{\text{H}}(\text{HCl}) = \frac{1000 \cdot T(\text{HCl})}{M_{\text{экв}}(\text{HCl})} = \frac{1000 \cdot 0,006666}{36,5} = 0,1826 \text{ н.}$$

Концентрациялардың өлшем бірліктері бірдей болған кезде, көлемді анықтау үшін эквиваленттер заңы қолданылады:

$$C_1V_1 = C_2V_2; \quad V_2 = \frac{C_1V_1}{C_2} = \frac{0,2567 \cdot 1,0}{0,1826} = 1,4058 \text{ л} = 1405,8 \text{ мл}$$

**3-есеп.** 0,5 н. ерітінді дайындау үшін 250 мл 0,3 н. ерітіндіге қандай көлемде 6 н. тұз қышқылы ерітіндісін қосу керек?

*Шешуі.*

1-әдіс

Ерітіндінің көлемі алгебралық әдіс бойынша анықталады:

$$\begin{aligned} C_1V_1 + C_2V_2 &= C_3V_3 \\ 0,3 \cdot 250 + 6 \cdot V_2 &= 0,5(V_2 + 250) \\ V_2 &= 9,1 \text{ мл} \end{aligned}$$

2-әдіс

Ерітіндінің көлемі «Пирсон конверті» әдісімен анықталады:

$$\begin{array}{ccc} 0,3 & & 6 - 0,5 = 5,5 \\ & \searrow & / \\ & 0,5 & \\ & / & \searrow \\ 6 & & 0,5 - 0,3 = 0,2 \\ & & \\ & & V_2 = \frac{250 \cdot 0,2}{5,5} = 9,1 \text{ мл} \end{array}$$

3-әдіс

Ерітіндінің көлемі теңдеулері жүйесін құру арқылы табылады:

$$\begin{aligned} \begin{cases} 250 + x = y \\ 250 \cdot 0,3 + 6x = 0,5y \end{cases} &\Rightarrow \begin{cases} 250 + x = y \\ 75 + 6x = 0,5y \end{cases} \\ 75 + 6x &= 0,5(250 + x) \\ 6x - 0,5x &= 125 - 75 \\ x &= 9,1 \text{ мл} \end{aligned}$$

**Қорытындылай келе,** есептер шығаруды ұйымдастыруда студенттердің жеке әдісін кеңірек пайдаланған жөн: нашар оқитын студенттерге ұсынылатын есептердің қиындық деңгейі оқу бағдарламасының талаптарына сай анықталуы керек; ал бұл деңгейге жеткен студенттерге бұдан да күрделірек есептер берген дұрыс.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Калугина, И. Ю.. Образовательные возможности практико-ориентированного обучения учащихся: дис. ... канд. пед. наук : 13.00.01 / Калугина Инна Юрьевна. – Екатеринбург, 2000. – 215 с.
2. Литвинова Т.Н. Методические рекомендации по подготовке и оформлению курсовых работ по аналитической химии / Т.Н. Литвинова, С.А. Овчинникова, – Краснодар: КубГМУ, 2009. – 23 с.
3. Пойа Дж. Математическое открытие. Решение задач: основные понятия, изучение, преподавание. – М.: Наука, 1970. – 452 с.
4. Тулькибаева Н.Н. Методические основы обучения учащихся решению задач по физике. Дисс.д-ра пед.наук. – Челябинск, 1989. – 319 с.



5. Тулькибаева Н.Н., Фридман Л.М., Драпкин М.А. и др. Решение задач по физике: Психолого-методический аспект. /Под ред. Н.Н.Тулькибаевой, М.А.Драпкина. – Челябинск. Изд-во УГПИ "Факел", УВВАИУ и Урал. гос. проф. пед.ун-та. 1995. – 120 с.
6. Талызина Н.Ф. Теоретические основы программированного обучения. – М. Изд-во МГУ, 1969. – 133 с.
7. Балл Г. А. Теория учебных задач: Психолого-педагогический аспект. – М.: Педагогика, 1990. – 184 с.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ DAҒДЫЛАРЫН ЗАМАНАУИ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

*Болатбек Назерке Жұбандыққызы<sup>1</sup>, Орынбаева Лаура Каныбековна<sup>2</sup>*

*2 курс магистранты, PhD доктор, аға оқытушы*

*Абай атындағы ҚазҰПУ,*

*Алматы қ., Қазақстан*

### АНДАТПА

Заманауи интербелсенді технологиялар қазіргі қоғам өмірінде барған сайын маңызды орын алууда. Соңғы уақыттарда оқушыларды оқыту үдерісінде технологияларды белсенді қолдану олардың коммуникативті қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етуде. Бұл мақалада оқушылардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру үшін, технологияларды қалай қолдануға болатынын, мұндай технологиялардың кейбір мысалдарын қарастырамыз және олардың оқу процесіндегі тиімділігін бағалаймыз.

Қарым-қатынас дағдылары - бұл оқушылардың табысты әлеуметтік бейімделу және дамуы үшін қажет ең маңызды дағдылардың бірі. Қарым-қатынас – қазіргі әлемдегі өмірдің ажырамас бөлігі болып табылатын адамдар арасындағы ақпарат алмасу процесі. Оқушыларға интербелсенді технологиялар арқылы оқыту барысында мұғалімдер коммуникативті дағдыларды қалыптастыру үшін осы технологияларды тиімді пайдалану мүмкіндігіне ие.

*Кілт сөздер:* Интербелсенді технологиялар, коммуникативті қасиеттер, қарым-қатынас.

Қарым-қатынас дағдыларын үйрету процесінде цифрлық технологиялардың ішінде әртүрлі қолданбалар мен ойындарды, мультимедиялық материалдарды, веб-конференцияларды, әлеуметтік желілерді және т.б. қолдануға болады. Бұл технологиялар оқушыларға тыңдау және сөйлеу, ынтымақтастықты үйрену және әртүрлі жастағы және мәдениеттегі адамдармен қарым-қатынас жасау сияқты қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамыту үшін қолданылатын цифрлық технологиялардың бір мысалы - логикалық ойлауды дамытуға, өзара әрекеттесу мен басқа ойыншылармен қарым-қатынас жасауға ықпал ететін онлайн ойындар. Сондай-ақ, интербелсенді тренажерлар немесе веб-конференциялар түрінде ұсынылуы мүмкін, коммуникациялық дағдыларды үйрету үшін арнайы бағдарламаларды да пайдалана аламыз.

Оқушыларда коммуникация дағдыларын қалыптастыру үшін цифрлық технологияларды қолданудың барлық артықшылықтарына қарамастан, олардың адамдармен тікелей қарым-қатынасқа байланысты әлеуметтік дағдыларды жоғалту сияқты ықтимал теріс салдарын, сондай-ақ оларға тәуелділік қаупін ескеру қажет.

Цифрлық технологиялар заманауи білім берудің ажырамас бөлігіне айналды және олардың маңыздылығы үнемі артып келеді. Заманауи цифрлық технологиялар білім алушыларға ақпараттың үлкен көлеміне қол жеткізуге мүмкіндік береді, олардың интербелсенді түрде білім алуына мүмкіндік береді, сабақтарды қызықты және әртүрлі етеді. Олар сонымен қатар мұғалімдер мен білім алушылар арасындағы байланысты жеңілдетеді, бұл- оқу тиімділігін арттырады.

Бұл мақаланың мақсаты – оқушылардың коммуникативті қасиеттерін қалыптастыруда заманауи цифрлық технологияларды қолданудың маңыздылығын қарастыру.

Бұл тақырыптың өзектілігі білім беруде цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігін анықтауға бағытталған көптеген зерттеулермен расталады. Мысалы, зерттеулер оқытуда цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың мотивациясын арттырып, олардың оқу үлгерімін жақсартуға болатынын көрсетеді (Карсенти, 2015; Warschauer, 2006). Сонымен қатар, цифрлық технологиялар оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі, бұл - олардың өмірдегі болашақ табысының негізгі факторы болып табылады.

Мақалада коммуникациялық дағдыларды үйрету үшін цифрлық технологияларды қолданудың әртүрлі әдістері қарастырылады, сонымен қатар бұл оқушылардың дамуына қалай

әсер ететіні талданады. Білім беруде цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігін растайтын көздер қарастырылады.

*Зерттеу гипотезасы.* Өз кезегінде интербелсенді технологиялар оқушылар үшін де болашақ өміріндегі табыстары үшін өте маңызды коммуникациялық дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі. Қарым-қатынас дағдыларын үйретуде цифрлық технологияларды пайдалану, балаларға басқаларды жақсы тыңдап, түсінуге, сондай-ақ өз ойлары мен идеяларын дәлірек және тиімді жеткізуге үйренуге көмектеседі.

*Мәселенің өзектілігі.* Қарым-қатынас дағдылары - адамның басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауы, оларды түсінуі және оларға түсінікті болу қабілеті. Қарым-қатынас дағдыларына өз ойлары мен идеяларын жеткізу, сондай-ақ басқа адамдарды тыңдау және түсіну қабілеті жатады. Бұл дағдыларға әртүрлі жағдайларда қарым-қатынас жасау, басқалармен ынтымақтасу және жанжалдарды шешу қабілеті де кіреді.

Зерттеулерге сәйкес, оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамыту олардың оқудағы жетістіктері мен әлеуметтік дамуында маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамыту олардың болашақ мансабындағы және жеке өміріндегі жетістіктерімен байланысты.

Заманауи интербелсенді технологиялар мұғалімдер мен ата-аналарға оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуға көптеген мүмкіндіктер береді. *Minecraft* және *Roblox* сияқты ойындар мен қолданбалар оқушыларға басқалармен бірлесіп жұмыс істеу және топтағы мәселелерді шешу қабілетін дамытуға көмектеседі. *Zoom* және *Google Classroom* сияқты виртуалды құралдар оқушыларға онлайн ортада қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Оқушылар үшін коммуникативті дағдылардың маңыздылығы баланың қоғамға сәтті бейімделуінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттесу қабілетінде жатыр. Сонымен қатар, оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамыту олардың оқу нәтижелерін жақсартуға көмектеседі, өйткені, олар тапсырмаларды жақсы түсінеді, сұрақтар қоя алады және өз ойын жеткізе алады.

Оқушылардың қарым-қатынас дағдыларына қойылатын талаптар жасына, оқу жоспарына және әлеуметтік нормаларға байланысты өзгеруі мүмкін, бірақ жалпы алғанда келесі аспектілерді қамтиды:

*Басқаларды тыңдау және түсіну қабілеті.* Бұл дағды әңгімелесушінің назарын аудару, оның мәлімдемелерін түсіну және нақтылау сұрақтарын қоюды қамтиды.

*Өз ойларын анық және нақты жеткізе білу.* Бұл дағдыға дұрыс сөздерді таңдай білу және өз ойларын басқа адамдарға түсінікті етіп тұжырымдау жатады.

*Басқа адамдармен ынтымақтастықта болу мүмкіндігі.* Бұл дағды топта жұмыс істей білу, басқалардың пікірін құрметтеу және өзара түсіністікке негізделген қарым-қатынас құру қабілетін қамтиды.

*Қақтығыстарды шешу қабілеті.* Бұл дағды ымыраға келу, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу және басқаларды құрметтеуге негізделген қарым-қатынастарды құру қабілетін қамтиды.

Қазіргі заманғы цифрлық технологиялар білім беру саласында кеңінен қолданылады және оқушылардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Бұл мақалада біз сандық технологияларды пайдалану мектеп жасындағы балаларда коммуникативті дағдыларды қалыптастыру үдерісінің тиімділігін қалай арттыруға болатынын қарастырамыз.

Білім беруде цифрлық технологияларды қолданудың тиімді жолдарының бірі – ойын технологиялары мен қосымшаларын пайдалану. Білім беру мақсаттарын ескере отырып жасалған ойындар балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту құралы бола алады. Мысалы, бала оқып жатқан тілдегі ойындарды қолдану сол тілде қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектеседі. Зерттеулер көрсеткендей, ойын технологиясын қолдану тілді түсіну мен дыбысты айтуды, топта жұмыс істеу және желіде жұмыс істеу сияқты әлеуметтік дағдыларды дамытады және балалардың танымдық қабілеттерін жақсартады (Bavelier et al., 2011; Gee, 2003; Prensky, 2001). Сонымен қатар, цифрлық технологияларды қолдану балалардың онлайн режимінде тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді[1].

Заманауи әлеуметтік желілер мен мессенджерлер алыс қашықтықта орналасқан достарыңызбен және туыстарыңызбен сөйлесуге, сондай-ақ ортақ мүдделері бар жаңа достар табуға мүмкіндік береді. Балалар интернетте тиімді қарым-қатынас жасауды, ақпарат алмасуды, басқа адамдармен бірге мәселелерді шешуді үйренеді. Сондай-ақ, балаларды цифрлық санаға және олардың жеке мәліметтерін желіде қорғауға үйрету маңызды (Livingstone & Haddon, 2009). Оқытудағы инновациялық тәсілдердің бірі - виртуалды шындықты (VR) пайдалану болып табылады. VR технологиясын пайдалану балаларға бірегей жағдайларды жасау арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектеседі[2].

Сонымен қатар, білім беруде цифрлық технологияларды пайдалану оқушылардың топта жұмыс істеу, жанжалдарды шешу, өз ойлары мен идеяларын жеткізу сияқты әлеуметтік және коммуникациялық дағдыларды дамытуға ықпал ететінін зерттеулер көрсетті. Мысалы, Ю.В. Комкова және Н.В. Трубникова оқытуда электронды технологияларды қолдану оқушылардың коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететінін көрсетті[3].

Цифрлық технологиялардың тағы бір артықшылығы – оқытуды дараландыру мүмкіндігі. Сандық білім беру платформалары мен бағдарламаларын пайдалану кезінде мұғалімдер әр оқушының жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, тапсырмалар мен материалдарды таңдай алады. Бұл оқушылардың ынтасын арттыруға және оқу нәтижелерін жақсартуға көмектеседі [4].

Дегенмен, білім беруде цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі білім беру бағдарламалары мен платформаларын дұрыс таңдауға, сондай-ақ мұғалімдердің біліктілігіне байланысты екенін айта кеткен жөн. Оқушылардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру үшін барлық бағдарламалар мен қосымшалар пайдалы және тиімді бола алмайды, сондықтан білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетінін таңдау маңызды.


Осылайша, цифрлық технологиялар оқушылардың коммуникативті дағдыларын қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады деп, қорытынды жасауға болады. Олар интербелсенді тапсырмаларды құруға, әлеуметтік және коммуникациялық дағдыларды дамытуға, сондай-ақ оқытуды даралауға мүмкіндік береді. Дегенмен, білім беруде цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі бағдарламаны дұрыс таңдау мен мұғалімдердің біліктілігіне байланысты екенін ескеру қажет.

*Қорытынды:* Оқушылардың интербелсенді технологиялар коммуникативті қасиеттерінің қалыптастыруында қандай рөл алатынын білу мақсатында сауалнама алынды. Сауалнамаға 16 оқушы жауап берді[5].

*Сауалнама №1.* «Маған достарыммен әлеуметтік желі арқылы араласқан ұнайды» сұрағы бойынша оқушылардың 31,3% - “Толықтай келісемін” және “Келісемін” деп жауап берді.

Маған достарыммен әлеуметтік желі арқылы араласқан ұнайды.

16 ответов




*Сауалнама №1.* – «Маған достарыммен әлеуметтік желі арқылы араласқан ұнайды» сауалнамасының нәтижесі (Ескертпе: Автормен құрастырылды)

*Сауалнама №2.* «Маған адамдарды интернет арқылы көргеннен гөрі, өмірде көрген ұнайды» сұрағы бойынша оқушылардың 50% - “Толықтай келісемін” деп жауап берді.

Маған адамдарды интернет арқылы көргеннен гөрі, өмірде көрген ұнайды.

16 ответов



Сауалнама №2. – «Маған адамдарды интернет арқылы көргеннен гөрі, өмірде көрген ұнайды» сауалнамасының нәтижесі (Ескертпе: Автормен құрастырылды)

Оқушылардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыруда интербелсенді технологиялардың тиімділігін бағалау тестілеу, сұрақ қою, бақылау, оқушылардың іс-әрекетінің өнімдерін талдау және т.б. сияқты әртүрлі әдістер мен құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, интербелсенді технологияларын қолдану оқушылардың коммуникативті дағдыларының деңгейін арттыруға көмектеседі.

2020 жылы Қазақстанда жүргізілген бір зерттеу оқушылардың коммуникация дағдыларын үйретуде цифрлық технологияларды қолдану қарым-қатынас пен топта жұмыс істеу дағдыларын жақсартатынын көрсетті (Садықова, Бекбосынова, Садықова және Жанбырбаева, 2020). Қытайда 2019 жылы жүргізілген тағы бір зерттеу білім алушыларға коммуникация дағдыларын үйретуде цифрлық технологияларды қолдану олардың эмоционалдық жағдайларға барабар жауап беру қабілетін дамытуға және эмпатия деңгейін арттыруға көмектесетінін көрсетті (Чжан және Ван, 2019). Сондай-ақ, 2018 жылы Үндістанда жүргізілген зерттеу оқушыларға коммуникация дағдыларын үйретуде цифрлық технологияларды қолдану олардың ауызша және жазбаша қарым-қатынас деңгейін жақсартуға көмектесетінін көрсетті (Pramod & Ramesh, 2018).

Жалпы, зерттеу нәтижелері оқушыларға коммуникативті дағдыларды үйретуде цифрлық технологияларды қолдану олардың коммуникативті дағдыларын дамытуға оң әсерін тигізетінін көрсетеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Pramod, P., & Ramesh, S. (2018). Сандық технологиялардың коммуникациялық дағдыларға әсері. БАҚ және әлеуметтік даму журналы, 6(1), 28-35.
2. Карсенти, Т. (2015). Цифрлық дәуір және оның білімге әсері: технологиялық дағдылардан цифрлық азаматтыққа дейін. Journal of Educational Computing Research, 52(1), 1-22.
3. Т. Карсенти, (2015). Цифрлық дәуір және оның білімге әсері: технологиялық дағдылардан цифрлық азаматтыққа дейін. Journal of Educational Computing Research, 52(1), 1-22.
4. F.D. Davis, R.P. Bagozzi, P.R. Warshaw, (1989). Пайдаланушының компьютерлік технологияны қабылдауы: Екі теориялық модельді салыстыру. Басқару ғылымы, 35(8), 982-1003.
5. GoogleForms // Электронды ресурс. - Кіру режимі: <https://forms.gle/1GqMjPFgHEsCc8mb6>

## ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

**Оразкелді Нұришат Өнербайқызы**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты  
Қазақстан, Алматы*

**Андатпа:** Мақалада оқыту сапасын арттыру, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту, стандартты емес жағдайларда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту мақсатында оқытудың негізгі интерактивті әдістеріне шолу жасалады. Химия сабақтарында интерактивті оқыту әдістерінің жекелеген түрлерін қолдану мысалдары келтірілген.

**Түйін сөздер:** интерактивтілік, интерактивті оқыту әдістері, интерактивті оқыту.

### Теориялық бөлім

Таным әрекеттерін ұйымдастырудың арнаулы әдістемесі ретінде интерактивті оқыту білім игеру процесіне қатысушылардың (үйренуші мен үйренушілердің) тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «*interactiv*» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «*inter*» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «*act*» - «*әрекет жасау*» дегенді білдіреді.

Интерактивті оқыту білімді игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

1) Барлық білімалушыларға бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау.

2) Әрбір білімалушының өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап ой толғауына мүмкіндік жасау.

3) Студенттер білімді өздігімен құрастыратын орта құру (№1 кесте).

Интерактивті оқыту – әрекет арқылы оқыту болғандықтан мұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептеледі. Бұл оқыту адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны маңызды болып қалады. [1-4]

### Кесте 1.

#### Интерактивті оқытудың негізгі қағидалары мен мақсаттары

Қағидалар	Мақсаттар
Орта қалыптастыру	- Білім алушы оқытуда өз әрекеттерінің жемісті екендігін сезінетін жағдайлар жасау; - Олардың арасында ашық, еркін, шығармашылық қарым-қатынас орнату; - Білімді дайын күйде бермей, оны ізденуге бағыт-бағдар сілтеу.
Әрекет арқылы оқыту	- Білімнің өзіндік әрекеттер арқылы ғана тиімді түрде меңгерілетіндігін дәлелдеу; - Белсенді әрекеттерге баулып, олардың білім игеру әрекеттерін ұйымдастыру.
Өмірмен байланыстыру	- Оқытуда практикалық әрекеттерге негіздеу, пән мен тақырыпты күнделікті өмірде туындайтын проблемаларды шешу деп қарастыру.
Өзінділік пен	- Дайын жауаптарын қанағат тұтпай, оларды ой-толғаныс арқылы

дербестікке баулу	өзіндік пікір құрастыруға, проблема шешуде өзіндік тұрғыдан жауап табуға ынталандыру (егер студент жауап бере алмаса, дұрыс жауапты өзі бермей, оны басқа студенттердің табуына ықпал жасау); - Сыни және аналитикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру (күмәндану, өзіндік түсінікке ұмтылу, ақпараттан әртүрлі мағынаны көре білу, дәлелдеме келтіру).
-------------------	--

Интерактивті оқыту жоғары оқу орындарында келесі жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның),
- жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары,
- оқу, рөлдік және іскерлік ойындар,
- пікіргаластар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, Интернет, құжаттар, мұражай, т.б.),
- шығармашылық жұмыстар,
- кейс-стади,
- презентациялар,
- компьютерлік оқыту бағдарламалары,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама, т.б.

Интерактивті оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанғандықтан, бұл жерде әсіресе бірлескен топтық жұмыс әдістерінің маңызын баса айту керек: олар өзін-өзі мен басқа адамдарды танудың тиімді құралы болып табылады, дүниетаным қалыптастырып, тұлғаның өзіндік дамуы мен басқалардың іс-әрекеттері мен олардың себептерін түсінуге ықпал жасайды. Топтық жұмыстар барлық білімалушылардың жұмысқа белсене қатысуын қамтамасыз етеді. Мұндай жұмыста білімалушылар өздерінің коммуникативтік дағдыларын іс жүзінде қолданады, өздері «ойнап шығады» [5-8]

### Эксперименттік бөлім

**Зерттеу мақсаты:** Химияны оқытуда интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттердің коммуникативтік, танымдық қасиеттерін арттыру.

**Зерттеу объектісі:** 6В015-Химия мұғалімдерін даярлау

Жалпы саны 51 студент

ХК 2/1 тобы - бақылаушы топ

ХК 2/2 тобы - эксперимент тобы

Зерттеу барысында Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Жаратылыстану және институты, Химия кафедрасының 3 курс студенттеріне эксперименттік жұмыс жүргізілді.

Мен өз жұмысымда студенттердің коммуникативті қабілеттерін қалыптастыратын және дамытатын оқытудың мынадай интерактивті әдістерін қолданамын – миға шабуыл, тереңдету, шағын топпен және жұппен жұмыс, кластер, жағдаяттарды талдау, есептерді шешу, бейне роликтермен жұмыс, оқыту мен оқу, жылдам сұрақ қою, сөздерді байланыстыру, үй тапсырмасын көрсету. Жеке жобалар да компьютерлік презентация арқылы қорғалады.

Жобалық әдіс (жобалық оқыту) – бұл берілген тақырып бойынша жеке немесе топтық жоба бойынша жұмыс, оның барысында студенттер өз бетінше мәліметтер жинайды, оны пайдалануды үйренеді, зерттеу дағдылары мен жүйелік ойлауы дамиды. Жоба әдісі оқушылардың мақсатына жетуге бағытталған. Ол көптеген дағдылар мен тәжірибені қалыптастырады. Жоба аясында мұғалімге әзірлеуші, үйлестіруші, сарапшы, кеңесші рөлі жүктеледі

Миға шабуыл– бұл қатысушылар қысқа уақыт ішінде берілген мәселені шешу бойынша ұсыныстардың максималды санын білдіретін идеяларды біріктіру және пікір алмасу процесі. Бұл жағдайда студенттен қойылған сұраққа кез келген жауап қабылданады. Айтылған көзқарастарды бірден бағаламай, бәрін қабылдап, тақтаға немесе қағазға әркімнің пікірін жазу маңызды. Қатысушылар өз жауаптарының себебін немесе түсіндірмелерін көрсету талап етілмейтінін білуі керек. Нәтижелері бойынша алынған шешімдерге сыни баға беріледі және тәжірибеде ең қолайлысы таңдалады

Шағын топтардағы жұмыс (шағын топтық семинар) – белгілі бір мәселелерді талқылау және оқу мәселесінің шешімін әзірлеу үшін топты шағын топтарға бөлу. Бұл әдіс барлық студенттерді жұмысқа тартуға мүмкіндік береді (соның ішінде ұялшақтарды да), ынтымақтастық пен тұлға аралық қарым-қатынас дағдыларын (атап айтқанда, белсенді тыңдау, ортақ пікірді дамыту, келіспеушіліктерді шешу) дағдыландырады [9]

Ақпаратты іздеу. Топтарға сұрақтар әзірленеді, олардың жауабын оқулықтар мен үлестірме материалдардан табуға болады. Ақпаратты талдап, сұрақтарға жауап іздеу керек болатын уақыт анықталады.

Ситуациялық есептерді шешу. Ситуациялық тапсырмалар – бұл оқушының ақпаратпен жұмыс істеу процесінде интеллектуалдық операцияларды ретімен меңгеруіне мүмкіндік беретін тапсырмалар: таныстыру – түсіну – қолдану – талдау – синтез – бағалау. Химиядан жағдаяттық есептерді оқу процесінде пайдалану студенттерде ақпаратпен жұмыс істеу, химиядан пәндік білімдерін стандартты емес жағдайларда қолдану, пікірталастарға қатысу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу сияқты әмбебап тәрбиелік әрекеттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

**Тақырып:** *Инновациялық педагогикалық технологиялардың артықшылықтары.*

*Педагогикалық инновация*

**Мақсаты:** 1. Педагогикалық инновациялық қажеттіліктерін түсіну

2. Инновациялық педагогикалық технологияның артықшылықтарын анықтау.

3. Инновациялық педагогикалық технологияларды оқыту және оқыту үдерісіне енгізу

Сабақ түрі: Дәріс Сабақ барысы: **I. “Проблема айқындау” кезеңі**

**II. “Проблема шешу” кезеңі**

Белгі қойып кету немесе INSERT әдісі (Interactive Noting System for Effective Reading and Thinking - тиімді ойлау мен оқуға арналған белгілеудің интербелсенді жүйесі.)

**III. “Проблема шешімін қолдану” кезеңі**

**«Ойлан,жұптас,бөліс» әдісі**

**Үй тапсырмасы.** Химиялық элементтердің периодтық жүйесі,Д.И Менделеевтің периодтық заңы бөлімдерін оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың артықшылықтары

### **Қорытынды**

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, біз келесі қорытындыларды жасай аламыз:

1. Интерактивті формалар мен әдістер жаңашыл болып табылады және оқушылардың танымдық белсенділігін белсендіруге және оқу материалын өз бетінше түсінуге ықпал етеді.
2. Топта жұмыс істеуге, жолдастарының пікірін тыңдауға үйрететіндіктен, коммуникативті дағдыларды дамытады, оқушылар арасында эмоционалдық байланыс орнатуға көмектеседі, тәрбиелік тапсырма береді.
3. Олар оқу іс-әрекетінде оқушылардың жеке тұлғасының өзін-өзі жүзеге асыру шарты болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении: о коллективном способе учебной работы. М.: Просвещение, 1991. 192 с. (Мастерство учителя: идеи советы, предложения).
2. Бим-Бад Б.М. Педагогический энциклопедический словарь. — М., 2002. С. 107
3. Заир-Бек С. Технология развития критического мышления посредством чтения и письма // Библиотека школы.- 2001.- №12
4. Кларин М.В. Интерактивное обучение – инструмент освоения нового опыта // Педагогика.2000.№7



5. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике: Обучение на основе исследования, игры и дискуссии. (Анализ зарубежного опыта). – Рига: НПЦ «Эксперимент», 1998
6. Пометун О.І., Пироженко Л.В. Сучасний урок. Інтерактивні технології навчання. – К.: А.С.К., 2004.
7. Суворова, Н.И. Интерактивное обучение: новые подходы / Н. Суворова. –М.: Учитель, 2000. –№1. –С. 25–27.
8. Чайкова Е.С., Ахлебнина А.К. "Использование интерактивных обучающих заданий на уроках химии"
9. СберУниверситет [Электронный ресурс] / Режим доступа: <https://sberbank-university.ru/edutech-club/glossary/937>

## ПРИНЦИП ДОСТАТОЧНОСТИ И ЦЕЛЬ УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ДОКАЗЫВАНИЯ

*Жуматай Нұрмухамед Мейірханұлы*

*магистрант Академии правоохранительных органов  
при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,  
г. Астана, Республика Казахстан*

**Аннотация.** Автором проведен анализ соотношении принципа достаточности с целью уголовно-процессуального доказывания обусловлен их прямой взаимосвязью и взаимопроникновением.

Принцип достаточности определяет совокупность доказательств, указывающих на достоверное знание, позволяющее прийти к убеждению и решить конкретную познавательную задачу, в зависимости от этапа уголовного процесса.

**Ключевые слова:** система доказывания; принцип достаточности; объективность исследования, предмет доказывания, принцип презумпции невиновности, пределы доказывания, уголовный процесс.

Вопрос о соотношении принципа достаточности с целью уголовно-процессуального доказывания обусловлен их прямой взаимосвязью и взаимопроникновением. Так, как нами было уже резюмировано (см. подраздел 1.1), критериями принципа достаточности в уголовном процессе выступают количественные и качественные характеристики. Количественная сторона достаточности определяется некой совокупностью доказательств, а качественная обозначает достоверность полученного знания. Соответственно, принцип достаточности определяет совокупность доказательств, указывающих на достоверное знание, позволяющее прийти к убеждению и решить конкретную познавательную задачу, в зависимости от этапа уголовного процесса.

Иными словами, принцип достаточности всегда соотносится с конечным результатом проведенной познавательной деятельности, а, следовательно, определяет конечную цель уголовно-процессуального доказывания. Этой конечной целью в теории уголовного процесса принято считать установление истины по делу. Ведь без установления истины невозможно принять правильное, законное, обоснованное и справедливое решение по уголовному делу, а потому основное содержание уголовно-процессуальной деятельности органов расследования, прокуратуры и суда обращено к процессу доказывания, т.е. формированию (собираению и закреплению), проверки и оценки доказательств и их процессуальных источников, обоснованию выводов.

Так, классик советского уголовного процесса, профессор М.С. Строгович утверждал, что «установить фактические обстоятельства уголовного дела в соответствии с действительностью – значит установить по делу истину. Обнаружение истины является ближайшей и непосредственной целью советского уголовного процесса и необходимым условием социалистического правосудия. Истина, обнаружение которой является предметом усилий следствия и суда по уголовному делу, состоит в полном и точном соответствии действительности выводов следствия и суда об обстоятельствах рассматриваемого уголовного дела, о виновности или невиновности привлеченных к уголовной ответственности лиц»<sup>1</sup>.

В этом контексте М.А. Золотов и Е.В. Писарев глубоко убеждены в том, что целью доказывания в уголовном судопроизводстве является установление истины по делу. При этом они обращают внимание на практическую ценность цели установления истины при расследовании уголовного дела. В качестве примера они указывают на невозможность

<sup>1</sup> Строгович М.С. Материальная истина и судебные доказательства в советском уголовном процессе. М.: Издательство Академии наук СССР, 1955. – С. 19.

реализации принципа презумпции невиновности без установления истины, потому как презумпция невиновности может быть опровергнута только тогда, когда в ходе расследования достигается истина. В свою очередь, информация может быть основой доказательств только в том случае, если она соответствует фактам, ранее существовавшим, реальному событию, т.е. если она является истинной<sup>2</sup>.

О.И. Бойченко также констатирует, что иной цели уголовно-процессуального доказывания кроме достижения истинного знания об исследуемых обстоятельствах уголовного дела быть не может, потому как полученные выводы органов, ведущих уголовный процесс об обстоятельствах совершения преступления должны соответствовать тому, что произошло в действительности<sup>3</sup>.

С.А. Шейфер рассуждая в контексте истины как цели доказывания, полагает, что истина складывается за счет совокупности собранных по делу доказательств. При этом «сами доказательства, положенные в основу приговора, должны быть достоверными, т.е. истинными, а их исследование – всесторонним и полным». Иными словами, истинным следует считать вывод, соответствующий действительности, правильно отражающий реальные, фактические обстоятельства дела, а, следовательно, истина является целью уголовно-процессуального доказывания<sup>4</sup>.

В науке уголовного процесса также предлагается разграничивать истину по степени доказывания, в зависимости от стадии уголовного судопроизводства. Так, А.Л. Ривлин в своей работе указывает на наличие некоторых особенностей между истинной, отыскиваемой в ходе предварительного следствия и истиной, устанавливаемой в суде, и тем самым ранжируя ее (истину) по степени доказанности. А.Л. Ривлин полагает, что целью предварительного расследования является установление вероятного знания о виновности обвиняемого, однако, эта вероятность должна быть достаточной для передачи дела в суд, чтобы суд мог рассмотреть его по существу. Ведь только суд обязан в ходе судебного разбирательства отойти от вероятности и прийти к достоверному знанию, ибо только достоверное знание может стать основанием судебного приговора<sup>5</sup>.

И.Д. Перлов напротив считает, что истина универсальна, она одна и не может быть персональной для следователя, прокурора и суда. Суд конечно принимает окончательное решение по вопросу о виновности/невиновности обвиняемого, однако, это не освобождает следователя и прокурора от обязанности придавать суду обвиняемого, чья вина уже доказана совокупностью доказательств. Следователь и прокурор, принимая промежуточные решения по вопросу о виновности обвиняемого должны быть твердо убеждены, что это решение основано на совокупности достоверных доказательств, а не на сомнениях и предположениях<sup>6</sup>.

В этой связи М.А. Золотов и Е.В. Писарев утверждают, что субъект доказывания обязан стремиться к установлению объективной истины в процессе познания обстоятельств, подлежащих доказыванию по уголовному делу. В то же время ими допускается наличие погрешности в установлении объективной действительности в ретроспективном аспекте, а точнее события преступления, в силу наличия в процессе познания субъективной составляющей. При этом одной из естественных проблем субъективного отражения событий

---

<sup>2</sup> Золотов М.А., Писарев Е.В. Истина как цель уголовно-процессуального доказывания // Вестник Волжского университета имени В.Н. Татищева. – № 1. – Том 2. – 2017. // <https://cyberleninka.ru/article/n/istina-kak-tsel-ugolovno-protsessualnogo-dokazyvaniya>

<sup>3</sup> Бойченко О.И. Пределы доказывания по уголовным делам: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.09 / Бойченко Олег Игоревич. – Краснодар, 2017. – С. 54

<sup>4</sup> Шейфер С.А. Доказательства и доказывание по уголовным делам: проблемы теории и правового регулирования: монография / С.А. Шейфер. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Норма: ИНФРА-М, 2022. – С. 41-42.

<sup>5</sup> Ривлин А.Л. Предмет допроса в советском уголовном процессе // Ученые записки Харьковского юридического института. – Харьков, 1940. – № 2. – С. 108.

<sup>6</sup> Перлов И.Д. Судебное следствие в советском уголовном процессе. – М., 1955. С. 26-27

прошлого является создание искусственных препятствий по ходу расследования преступления, формирующих вариативную реальность через искажение информации, обусловленное особенностью психологическим восприятием события участниками уголовного процесса, а также способами противодействия расследованию преступлений: лжесвидетельством, фальсификацией вещественных доказательств и т.п.

Такие обстоятельства подталкивают М.А. Золотова и Е.В. Писарева к утверждению о том, что для субъекта доказывания доступной является лишь относительная истина, однако, она может быть достигнута только при условии стремления к истине абсолютной. Соответственно, перед следователем всегда должна стоять задача по установлению абсолютной истины, потому как без этого невозможно будет достичь истину относительную<sup>7</sup>.

В этом отношении А.Б. Шарипова также полагает, что не совсем точно считать объективную истину целью доказывания, потому как этой целью выступает не просто истина, а та истина, которая достоверна, располагающая полным и несомненным доверием. И под такой истиной следует понимать не просто истину, подтвержденную совокупностью безупречных доказательств, а истину, удостоверенную системой принципов уголовного процесс и соблюдением других процессуальных гарантий, определяющих содержание процессуальной формы.

Однако несмотря на это А.Б. Шарипова все же придерживается классического подхода о том, что истина в уголовном процессе по своей природе является истиной объективной. Это означает, что содержание выводов следователя и суда об установленных обстоятельствах, подлежащих доказыванию по уголовному делу, не зависят от их желаний и побуждений, а отражают объективную действительность.

И с практической точки зрения все это возможно, потому что несмотря на наличие трудностей в работе органов дознания, следствия, прокуратуры и суда в процессе расследования и рассмотрения уголовного дела, установление объективной истины остается для них доступным. Конечно это не исключает наличие в их работе следственных и судебных ошибок, но это также исключает их неустранимость. В целом достижение цели уголовного процесса возможно лишь при условии качественной работы субъектов доказывания, наличия профессионализма и приложении усилий по установлению истины по каждому персональному уголовному делу<sup>8</sup>.

Н.Н. Давыдова высказывает позицию исключающую наличие сомнений в том, что установление истины является целью процесса доказывания. Однако под истиной в данном ключе следует понимать соответствие выводов органов предварительного расследования и суда о фактических обстоятельствах дела тому, что имело место в действительности и в рамках обстоятельств, подлежащих доказыванию.

Н.Н. Давыдова однозначно утверждает, что «отрицать существование этой цели и ее необходимости - значит отрицать назначение уголовного судопроизводства и его основных принципов». Не установление истины по уголовному делу делает приговор суда ничтожным на том лишь основании, что выводы суда не соответствуют фактическим обстоятельствам.

Исходя из этого Н.Н. Давыдова осуществляет попытку расчленение цели доказывания на: 1) установление обстоятельств, подлежащих доказыванию по уголовному делу; 2) установление истины; 3) принятие решения по уголовному делу. Достижение этих целей в рамках уголовно-процессуальной деятельности служит обязательным условием реализации назначения уголовного судопроизводства<sup>9</sup>.

<sup>7</sup> Золотов М.А., Писарев Е.В. Истина как цель уголовно-процессуального доказывания // Вестник Волжского университета имени В.Н. Татищева. – № 1. – Том 2. – 2017. // <https://cyberleninka.ru/article/n/istina-kak-tsel-ugolovno-protsessualnogo-dokazyvaniya>

<sup>8</sup> Шарипова А.Б. Объективная истина как цель доказывания // Вестник КазНУ. Серия юридическая. № 1 (81). 2017. С. 315-316

<sup>9</sup> Давыдова Н.Н. Цели доказывания в уголовном процессе России // Вестник Саратовской государственной юридической академии. – № 6 (107). – 2015. – С. 174.

В то же время на страницах специальной процессуальной литературы встречаются позиции уныния, отрицающие практическую возможность достижения истины по делу. В частности, А.С. Пиголкин особо подчеркивает, что «не следует впадать в иллюзию и полагать, что истина вполне достижима по любому делу. Нередки случаи, когда, несмотря на все усилия и использование всех доступных средств, оказывается невозможным добыть достаточные доказательства, установить их достоверность, до конца развеять сомнения и неясности»<sup>10</sup>.

В.В. Никитаев и вовсе полагает, что объективная (материальная) истина не больше чем юридическая фикция, позволяющая использовать нормы материального уголовного права для вынесения приговора, а, следовательно, она не может выступать в качестве средства уголовного процесса, правильной будет таким средством сделать процессуальную истину, то есть ту, которая соответствует требованиям процессуального закона<sup>11</sup>.

П.С. Пастухов также считает, что «в условиях информационного общества познание/доказывание истины по уголовному делу остается субъектным и субъективным. В любом уголовном процессе, который будет максимально насыщен информационными и телекоммуникационными технологиями, по делу может быть установлена только вероятная истина. Стандартом ее останется отсутствие у судьи (присяжного заседателя) разумных сомнений в фактической правильности и юридическом обосновании принимаемого решения о виновности подсудимого»<sup>12</sup>.

Подобные трактовки цели доказывания, отрицающие возможность установления истины, по мнению С.А. Шейфера, опираются на отрицательные результаты работы органов расследования, статистические индикаторы работы правоохранительных органов, слабую раскрываемость преступлений и связанные с этим неправомерные действия данных органов, направленные на улучшение статистических показателей, манипуляции в сторону повышения раскрываемости для мистификации благоприятной картины своей работы. Однако практика раскрытия тяжких преступлений, остававшихся нераскрытыми долгие годы, свидетельствует о реальности достижения истины по уголовному делу. Как справедливо подмечает С.А. Шейфер: «объективные трудности раскрытия преступлений вовсе не означают принципиальную возможность установить истину по уголовному делу»<sup>13</sup>.

Аналогичной позиции придерживается Н.А. Якубович: «Разумеется, когда истина по делу не установлена, преступление остается нераскрытым. Но означает ли это, что гносеологические закономерности действуют избирательно, позволяя в одних случаях достигнуть истины, а в других нет? Достижение истины при расследовании преступлений возможно всегда, но успешность реализации этой возможности в действительность зависит от многих условий и факторов субъективного и объективного порядка»<sup>14</sup>.

Л.Т. Ульянова излагает обоснованную критику сложившегося в теории и практике уголовного процесса агностицизма, отрицающие саму теорию познания, гносеологию, методологию. В частности, вступая в полемику с Ю.В. Корневским, Л.Т. Ульянова обращает внимание на то, что тот усмотрел демагогию в философском положении о том, что все в мире познаваемо и не существует для этого никаких гносеологических препятствий. И более того, Ю.В. Корневский выдавая данное философское положение за демагогию видит в гносеологии вред для практической деятельности органов расследования и суда, побуждение к злоупотреблению служебным положением, укрывательство преступлений ради улучшения

<sup>10</sup> Пиголкин А.С. Изучение фактических данных и обстоятельств дела при применении НОРМ, права // Советское государство и право. – № 9, 1968. – С.38.

<sup>11</sup> Никитаев В.В. Проблемные ситуации уголовного процесса и юридическое мышление // Состязательное правосудие. Труды научно-практических лабораторий. М.: Изд-во Междунар. ком. содействия правовой реформе, 1996. Вып. 1. Ч. II. С. 301.

<sup>12</sup> Пастухов, П.С. Модернизация уголовно-процессуального доказывания в условиях информационного общества: дис. ... докт. юрид. наук: 12.00.09 / Пастухов Павел Сысоевич. – М., 2015. – С. 14.

<sup>13</sup> Шейфер С.А. Доказательства и доказывание по уголовным делам: проблемы теории и правового регулирования: монография / С.А. Шейфер. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Норма: ИНФРА-М, 2022. - С. 44-45.

<sup>14</sup> Якубович Н.А. Теоретические основы предварительного следствия. – М., 1971. С. 8

